

ОЙЫЛ

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

АПТА БАСЫНДА ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН ОБЛЫСТАҒЫ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН АУДАНДАРҒА БАРДЫ. АЛДЫМЕН ВИЦЕ-ПРЕМЬЕР КӨП ЗАРДАП ШЕККЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БАРЛЫҒЫ 340 ҮЙДІ СУ БАСҚАН, ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА 49 ҮЙ ӨЛІ ДЕ СУ АСТЫНДА ҚАЛЫП ОТЫР. ЕҢ КӨП ЗАРДАП ШЕККЕН АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫ ОЙЫЛ АУЫЛЫНДАҒЫ ҮШ ЭВАКУАЦИЯЛЫҚ ПУНКТКЕ ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН.



Вице-премьер эвакуациялық пункттердің жай-күйін қарап, ондағы адамдардың талап-тілектерін тыңдады. Оларды ең алдымен залал келтірілген баспананың қаражатын өтеу тетігі, оны әділ бағалау, өз бетінше үй салу немесе ақшалай өтемақы алу мүмкіндігі сияқты мәселелер

қызықтырды. Серік Жұманғарин барлық ұсынысты Үкімет деңгейінде қарастыруға уәде берді. Су тасқыны кезінде толығымен су басқан Екпетал елді мекеніндегі 48 және Жаңабаздағы 19 үйдің тұрғындары жаңа үй салынып берсе, Ойыл ауданының орталығына

біржолға көшуге әзір екендерін жеткізді. Серік Жұманғарин аудан әкімі Асқар Қазыбаевқа осы және басқа да зардап шеккен елді мекендердің тұрғындарымен көшудің барлық тетігі және мүмкіндіктерін талқылауды тапсырды. Өйткені, қазіргі таңда аудан орталығында ин-

фрақурылым жеткізіліп тұрған 200-ден астам жер телімі бар. Сонымен қатар вице-премьер Ойыл өзені арқылы өтетін, бүгінде жарамсыз болып қалған көпірді қарап, сол жерде Қаз-жолҒЗИ мамандарымен қалпына келтіру жұмыстарын тез арада бастау мүмкіндіктерін талқылады.

«ХАНТОРЫНЫ» ҚҰТҚАРА АЛМАДЫҚ...
МӘЖІЛІС ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЗЫБЕК ӨЛІШЕВ, АМАНЖОЛ ӨЛТАЙ, АСҚАР САДЫҚОВ ЖӘНЕ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЕРБОЛ ДАНАҒҰЛОВ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Депутаттар Ш.Берсиев ауылдық округіне қарасты Қаратал ауылындағы және аудан орталығындағы эвакуациялық орталықтардың жай-күйін қарап, ондағы тұрғындардың талап-тілектерін тыңдады. Ақтіленген малдың шығыны өтелуі керек. Біз оны ауыл шаруашылығы Министрлігіне, Үкімет басшылығына жеткіземіз.

Барлық шығын есептеледі, бірде-бір адам ескерусіз қалмайды. Біз халықтың ұсыныстары қалай ескеріліп жатқанын бақылап отырамыз, - деді Қазыбек Әлішев. Су тасқыны кезінде «Ханто-

ры» атты тұлпарынан айырылған 3 жасар Бейбарысқа Мәжіліс депутаты Қазыбек Әлішев өзінің «Нұржебе» атты бөйге атын сыйлады, Аманжол Өлтай өлең шумақтарын арнады. Сәбидің көңілі көтеріліп, қуанып қалды. Иссапарында Мәжіліс депутаттары Ойылға баратын жол мен көпірдің жағдайын да бақылады. Сондай-ақ, ағын судан зардап шеккендерге айтыс ақындары мен жыршы термешілерінің халықаралық одағы және «АМАНАТ» партиясынан келген гуманитарлық көмек ауыл тұрғындарына жеткізілді.

САЛТАНАТТЫҢ ҚОЛДАУЫ

ОЙЫЛДАҒЫ АЛАПАТ СУ ТАСҚЫНЫН ЕСТІГЕН ЖЫРАҚТАҒЫ ЖЕРЛЕСТЕРДІҢ ҚАЙ-ҚАЙСЫСЫ ДА БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛМАДЫ. БӘРІ ДЕ ҚАЛ-ҚАДІРІНШЕ ҚОЛШЫН СОЗДЫ.

Тасқынның зардабын толтыруға ұмтылған жерлестеріміздің бірі Салтанат Шахметова.

Ойыл өңірінде туып, кіндік қаны тамған, Жамбылдай әкесі мен Амангүлдей анасынан тәлім-тәрбие алып, жүрегі мейірімге толы Салтанат Ойыл орыс мектебінің түлегі.

Бүгінде жеке кәсіпкер. Тараз қаласында сәнқой қыздарға арналған «Салтанат» бутиктерінің иесі.

Өңірімізде орын алған тасқын су апатын естіп, бірден гуманитарлық көмек, таза киім-кешектер, ақшалай көмек жолдайды. Бұл сауапты, қайырымды істен жақын таныстары да, дос-жарандары да қалыс қалмай, Ойыл өңіріне

Жамбыл облысынан 5 газель азық-түлік, киім-кешек, қаржылай көмектері келіп жеткен болатын.

Сонымен қатар, Салтанаттың өз отбасы атынан 1 миллион 200 мың теңге Екпетал, Жаңабаз тұрғындарына берілді. Көктемнің осы бір шуақты күнінде жерлесіміз тағы 1 газель гуманитарлық көмек ала келіп, Ойыл аудандық ауруханасына арнайылап келіп, тасқын судан зардап шеккен емделушілермен кездесіп, хал-жағдайларын сұрап, сый-сияпат табыстады.

Қиын қыстау кезде қолдау білдіріп, жанашырлық танытқан жерлесімізге алғыс білдіре отырып, мықты денсаулық, отбасы амандығын, кәсібінә береке тілейміз!



КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯ

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ САЛДАРЫН ЖОЮҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАРАЖАТ НАҚТЫЛАНДЫ

Өткен аптада аудандық мәслихаттың кезектен тыс он үшінші сессиясы өтті. Сессия отырысына аудан әкімі А.Қазыбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы С.Займолдин, аудан әкімінің орынбасарлары мен Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б.Бисекенов, Ойыл аудандық қоғамдық кеңес төрағасы М.Арыстанов, аудандық мәслихаттың депутаттары және тиісті мекеме басшылары офлайн режимінде, сонымен қатар аудандық мәслихаттың екі депутаты zoom платформасы арқылы онлайн режимінде қатынасты. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша хабарлама жасаған аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов осы жылдың 31 наурызы күні екі сайлау округі бойынша өткен сайлаудың қорытындысын баяндап, аудандық мәслихаттың шығып қалған депутаттарының орнына сайланған депутаттарға мандаттары мен төсбелгілерін табыстады. Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 30 наурыздағы «Ау-

дандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының құрамын сайлау туралы» №5 шешіміне өзгерістер енгізу туралы және Аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 30 наурыздағы «АМАНАТ» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу туралы» №7 шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин хабарлама жасады. Ал, Ойыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы №92 «2024-2026 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама жасаған аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Болатбек Әділханов аудандағы төтенше жағдайға байланысты су тасқынынан кейінгі қалпына келтіру және зардап шеккендерді қолдауға бағытталған шараларға бөлінген қаржылар туралы баяндады. Күн тәртібіне ұсынылған мәселелерге орай депутаттар тарапынан қойылған сауалдарға тиісті сала басшылары жауап берді.

112 ОҚУШЫ АРНАУЛЫ ОРТАЛЫҚТАРҒА ЖІБЕРІЛДІ



Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрлігінің қолдауымен Төтенше жағдайға тап болған Екпетал мектеп-балабақшасы мен Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің, Жамбыл мектеп-балабақшасының 112 оқушысына республикалық оқу-сауықтыру орталықтарына демалу және оқу үшін жолдамалар бөлінгенді. Өткен аптада Екпетал мектеп-балабақшасының 5-9 сыныптың 26 оқушысы, Ш.Берсиев атындағы орта мектептің 5-10 сынып аралығындағы 85 оқушысы, Жамбыл мектеп-балабақшасының 1 оқушысы жолға шықты. Мәселен, Алматы облысы Қонаев қаласындағы «Балдәурен Қонаев» республикалық орталығына 30 оқушы жіберілсе, Жамбыл облысындағы «Мөлдір Бұлақ» лагеріне 50 оқушы, Қарағанды облысындағы «Балдәу-

рен Балқан» орталығына 20 оқушы және Алматы қаласындағы «Тау Тұран» республикалық орталығына 12 бала кетті. Бір ерекшелігі бұл орталықтарда балалар демалып қана қоймайды, белгіленген жоспар бойынша барлық оқу бағдарламасы жүргізіледі. Сондай-ақ, Ойыл аудандық білім бөліміне қарасты Ш.Берсиев атындағы орта мектебі, Екпетал мектеп-балабақшасы мен «Балбөбек» бөбекжай бақшасына «Ойылға жәрдем» тобы арқылы Түркістан облысы, Келес ауданының азаматтары атынан оқушыларға қажетті оқу құралдары жеткізілді. Қазіргі таңда «Балбөбек» бөбекжай бақшасының тәрбиеленушілеріне, Екпетал мектеп-балабақшасы мен Ш.Берсиев атындағы орта мектептің мектепалды даярлық топтарына оқу құралдары берілді.

**ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ
II- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Қазыбаев Асқар Қайырғалиұлы, аудан әкімі	Сәуір айының 4, 11, 18, 25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Мамыр айының – 2, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым айының – 6, 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2024 ЖЫЛДЫҢ II- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл ауданы әкімінің аппараты	Сүлейменов Саян Сапарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Сәуір – 2, 9, 16, 23 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін	Ойыл ауылы Құрманғазин көшесі №43 Ойыл ауданы әкімдігінің ғимараты	2-12-23
		Мамыр – 14, 21, 28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 4, 11, 18,25 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Айдарбаев Мұратбай Болатұлы, аудан әкімінің орынбасары	Сәуір – 3, 10, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 5, 12, 19,26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тұрғамбеков Нұржау Орынбасарұлы, аудан әкімінің орынбасары	Сәуір – 1, 8, 15, 22 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр – 6, 13, 20, 27 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым – 3, 10, 17,24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
	Тлепов Ербол Мырзабайұлы, аудан әкімі аппаратының басшысы	Сәуір – 5, 12, 19, 26 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Мамыр – 3, 10, 17, 24 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		
		Маусым– 7, 14, 21,28 күндері уақыты:сағ.- 10:00 ден -12:00 ге дейін		

2024 ЖЫЛДЫҢ – II ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Амангосов Артур Сарсенбаевич Ойыл ауылдық округінің әкімі	Әр аптаның дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20
«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ	Кереев Әсет Сәкенұлы Ойыл ауылдық округі әкімінің орынбасары	Әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері. Уақыты: сағ.- 10:00 ден -18:00 ға дейін.	Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69	2-10-20

2024 ЖЫЛДЫҢ II ТОҚСАНЫНА III. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ	Шауменов Нурлыбек Сағынғанович округ әкімі	Әр аптаның сәрсенбісі. Сағ. 10:00 -12:00 ге дейін	Қаратал ауылы, Сүлеймен әулие көшесі №12	73-2-62 bersiev_79@mail.ru

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 73-2-62 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2024 ЖЫЛДЫҢ II ТОҚСАНЫНА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Тегі, аты, өкесінің аты	Атқаратын қызметі	Қабылдау күндері	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, байланыс телефоны
1	Асылбаев Ерлан Базарбаевич	Көптоғай ауылдық округінің әкімі	5, 12, 19, 26 сәуір 3, 10, 17, 24, 31 мамыр 7, 14, 21, 28 маусым	Көптоғай ауылы, Мәңгілік ел көшесі №20 Тел:74-5-23

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ II ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты – жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Саралжын ауылдық округі әкімі М.Тажигалиев	Сәуір 2, 9, 16, 23, 30 Мамыр 14, 21,28 Маусым 4, 11, 18, 25 Уақыты сағ.: 9:00 ден -12.00 ға дейін	Ботакөз көшесі – 2 № 12	74 – 001

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефоны 74-001, сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

САРБИЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ II - ТОҚСАН БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Қабылдау жүргізетін адамның аты- жөні	Қабылдау күндері мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	Сарбие ауылдық округі әкімі Д. Бисебаев	Сәуір 3, 9, 12, 17, 22, 26, 30 Мамыр 2, 6, 13, 16, 20, 23, 27, 31 Маусым 4, 7, 11, 15, 19, 25, 28	Жастар көшесі № 16	35-2-20

АЛАЯҚ СОТТАЛДЫ

Бейнеу ауданының тұрғыны «С» әлеуметтік желіде шетелдік көлік құралдарын Қазақстан Республикасының есебіне қою қызметін жүзеге асыратыны туралы жариялым шығарған. Жалған жариялымға Ойыл ауданының 5 тұрғыны хабарласып, алаяқтықтың құрбаны болды, келтірілген шығын 16 000 теңгеден 322 000 теңгеге дейін қаржыны құрады. Ойыл АПБ-нің қызметкерлерімен күдікті «С» көршілес облыстың аумағынан ұсталды, тергеу нәтижесімен қылмыстық іс сотқа жолданды. Қылмыстық қудалау органымен уақытылы қылмыскер құрықталмағанда, жәбірленушілердің қатары бұдан көп болар еді. Ойыл аудандық сотының 08.04.2024 жылғы үкімімен қылмыскер 4 жыл бас бостан-

Ойыл ауданының прокуратурасы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТОСҚАУЫА ЭРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қарқынды жүруде. Осы аталған жемқорлықты жою мәселесіне барша-мыз бір ауыздан ат салысқан кезде оң нәтиже берері анық. Ойыл аудандық соты қызметкерлерімен жемқорлықты жою және онымен күресу жолында бір қатар шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, ауданда орналасқан мемлекеттік және оған теңестірілген мекеме қызметкерлері арасында жемқорлықтың зардабы және жемқорлық қылмысы үшін тағайындалатын жаза түрлері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, аталған тақырыпта мақалалар жарияланды. Алдағы уақытта да аталған бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Сонымен қатар елімізде жемқорлықты жою мақсатында заң талаптары күшейтілді. Яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның пара беруші адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге ықпал жасай алатын болса, немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы орын алған жағдайда Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 366-бабы бойынша мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, пара-

**Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық соты
әкімшісінің аға сот приставы.**

ҚОҚЫСТЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ЖАҒУ – ҮЛКЕН АПАТҚА ӘКЕП СОҒАДЫ!

Көктем кезінде елді мекендер аумағында құрғақ шөп пен қоқыстың тұтану жағдайлары көп кездеседі. Осындай жағдайлар әдетте қоқысты үйінде және жағу кезіндегі талаптарды бұзу салдарынан туындайды. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» 59 тармағына сәйкес, Алау жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м қашықтықта жүзеге асырылады деп көрсетілген. Ғимараттар мен құрылыстардан 50 метр қашықтықтағы қоқыс жағылатын алаң құрғақ шөп пен жапырақтардан тазалануы керек. Қоқыс тек күндізгі уақытта, тұрақты бақылау болған жағдайда ғана жағылуы қажет. Қоқыс жағылғаннан кейін отқа су құйылып мұқият өшірілуі тиіс. Өшірілмеген отты қарусыз қалдыруға тыйым салынады. Ойыл ауданының ТЖБ ескертеді! Ашық алаңдардағы қоқысты бақылаусыз жағу үлкен апатқа

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

САУЛАУ 2024

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА САРБИЕ, ҚАРАОЙ, ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУТТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫНДА БАРЛЫҚ КАНДИДАТТАР ҮШІН ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

Table with 3 columns: №, Елді мекеннің атауы, Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар. Rows list locations like Қараой ауылы, Құбасай ауылы, Сарбие ауылы, Қаракөл ауылы, Ақжар ауылы, Көсембай ауылы.

Ойыл ауданы бойынша Сарбие, Қараой, Қайыңды ауылдық округтері әкімдерінің сайлауында кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін белгіленген орындар

Table with 3 columns: №, Ауылдық округтің атауы, Кездесу үшін белгіленген орындар. Rows list candidates and their meeting locations.

ТУБЕРКУЛЕЗ - ЕМДЕЛЕДІ!

Бірнеше жылдар бойы науқастарды емдеу үшін тиімді дәрі болса да, жыл сайын туберкулезден миллион адам қайтыс болады. Біздің ғаламшарымыздың үлкен бөлігінде инфекциялық аурулардың ішінде туберкулездің «№1-ші өлтіруші» болып қала беретініне назар аударту үшін 24 наурыз-Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні өткізіледі.

Туберкулезді ерте анықтау және дұрыс емдеу кезінде жұқтырған адамдар бактерия таратуды тоқтатады және емделуі мүмкін. АУРУ ҚАЛАЙ ТАРАЛАДЫ? Халық үшін негізгі қауіп өкпе туберкулезі, өйткені ауруды тарату жолы – ауа-тамшы арқылы.

•нашақорлық; •АИТВ/ЖИТС; •созылмалы өкпе ауруы болуы мүмкін. ТУБЕРКУЛЕЗБЕН АУЫРМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? •Шылым шекпеңіз – ол тыныс алу жолдарының жергілікті қорғанышын әлсіретеді, ағзаның барлық иммунитетін азайтады;

АУЫРАТЫН АДАМ БОЛСА, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК? Туберкулез талшықтарын бөлетін науқас мамандандырылған ауруханада емделеді. Ем ұзақ болады, бірақ ол туберкулезді жеңудің қажетті шарты болып табылады.

АУРУ ТУРАЛЫ Туберкулез көбіне тыныс алу мүшелерін (ең бастысы өкпе мен қолқаны) зақымдайды, бірақ басқа да мүшелерді зақымдауы мүмкін, мысалы, сүйектер мен бұлшықеттер. Осы айырмашылықтарына қарай туберкулездің екі негізгі түрі бар: өкпе туберкулезі және өкпеден тыс туберкулез.

ТУБЕРКУЛЕЗБЕН КІМДЕР АУРУЫ МҮМКІН? Туберкулезбен ауыратын науқастармен байланыста болған кез келген адам туберкулезбен ауруы мүмкін. Байланыстың жақын болғанына қарай, ауру қауібі жоғары болады.

ЕМДЕУ ТУРАЛЫ БІРЕП СӨЗ Ауыр антибиотиктер қабылдау керектігіне, жанама әсер болатынына қорықпаңыз. Қазіргі заманғы жағдайда, әсіресе ауру уақытылы анықталған жағдайда туберкулез жақсы емделеді.

ОЛ ҮШІН: •оған бөлек бөлме бөліңіз; •жеке ыдыс-аяқ беріңіз (оны бөлек жуу және қайнату керек); •науқастың киім-кешектерін бөлек жуыңыз және қайнатыңыз (қайнату және үгіктеу оны зарарсыздандырады);

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАҰТА РЕТКЕ КЕЛУ: ТҮРКІ ЖАҢА ЖЫЛҢ ТОҰЛАУ



2024 жылдан бастап қазақстандықтар Наурыз мейрамын жаңа форматта тойлайды. Наурызнаманың онкүндігі басталды – он күн бойы республика бойынша түрлі тақырыптық шаралар өтеді.

Үшінші кеңес - қосымша табыстың жаңа көзін тіпті бірнеше түрін табу. Егер сіз жалақыдан жалақыға дейін өмір сүрсеңіз және айдан айға аяғында ақшаның апараты жетіспеушілігі болса, бұл толық емес жұмыс күні туралы ойлануға маңызды себеп.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

